

6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған Исаева Айнур Женисовна «Еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктері» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

I. Ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігі және теориялық маңыздылығы.

Егемендік алғалы бері Қазақстанда орын алған демократиялық тың өзгерістер қоғамның барлық саласын, ең алдымен құқық саласын, сонымен бірге экономика, саясат саласын да қоса қамтығаны бәрімізге белгілі.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстанның ұлттық заңнамасында тарихи маңызды жаңаша сапалы мазмұндағы оң өзгерістер орын алып, Кеңес кезеңіндегі экономиканың негізгі институттары елеулі өзгерістерге ұшырады. Егемендік еліміздің жаңа азаматтық заңнамасы қабылданып, нарықтық экономика талаптарына сәйкес келетін азаматтық заңдар көптеп қолданысқа енгізілді. Бұл заңдар қоғамдағы еңбек қатынастарының бұрын болмаған жаңаша нысандарын енгізді.

Бүгінгі күнде еліміздегі және әлемдік тәжірибеден байқайтынымыз, экономикалық дағдарыспен қатар келген әлемдік пандемия көптеген құндылықтарға, соның ішінде адамның еңбек құқықтарына да жаңаша көзқараспен қарауға мәжбүр етті. Себебі, дағдарыс өзге қоғамдық қатынастардан бұрын ең алдымен еңбек қатынастарына әсер еткені белгілі. Жұмыс орындарының жабылуы немесе онлайн режимге шығуы, адамдардың өз-өзін оқшаулауға мәжбүр болуы, «қашықтықтан жұмыс істеу» сияқты ұғымның шынайы өмірде жүзеге асуы, жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы шиеленістерге, қақтығыстар мен келіспеушіліктерге алып келді. Жұмыскерлердің құқықтары бұзылуының ең басты көрсеткіштерінің бірі олардың еңбек құқықтарын қорғап, сотта қарауға берілген өтініштерінің статистикасы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мәліметтеріне сүйенсек 2019 жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығында еңбек даулары бойынша 7855 іс келіп түскен. Мұндай статистикалық көрсеткіш Қазақстан Республикасында жұмыскерлердің құқықтарын бұзудың үлкен көлемде екенін көрсетеді, себебі бұл көрсеткіш анықталған және сотқа дейінгі реттелген еңбек дауларының жалпы көрсеткішінің бір бөлігі ғана. Осы жағдай еңбек заңнамасындағы реттеушілік функциясының жетімсіздігімен қатар, құқық қолдану тәжірибесіндегі мәселелері де көрсетеді. Осыған байланысты жұмыскерлердің құқықтарын қорғаудың, соның ішінде еңбек дауларын қарау мен шешудің бұдан да тиімді жүйесін құрудың қажеттігі туды.

Жоғарыда аталғандардың барлығы жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғауды әртүрлі деңгейлерде реттеудің қажеттілігі мен маңыздылығы туралы қорытындыға келуге мүмкіндік береді.

Еңбек дауларын шешуге байланысты толықтай және тиімді қызмет ететін жүйені құрудың бағалы тәжірибесі шет мемлекеттерде жинақталған, олардың әрқайсысы құқықтық, мәдени және ұлттық ерекшеліктерді сипаттайтын өзіндік құрылымға ие. Мұндай жүйелердің Қазақстан Республикасында қалыптасқан сот әділдігіне арақатынасы мен қолдануға болатын мүмкіндігін анықтайтын жақсы әдістердің бірі салыстырмалы-құқықтық зерттеу. Сондықтан да әлемдік жаһандану процесінің күшеюі адамның еңбек ету бостандығына құқығын жаңаша қырынан қарауды, соған байланысты қалыптасқан халықаралық нормаларды қазақстандық ерекшеліктерді ескере отырып ендіруді талап етуде.

ҚР Тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына жолдауы мен «Ұлт жоспары Қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласында жаһандық карама-қайшы әлемде еліміз өзінің тұрақтылығын әрбір ішкі және сыртқы сын-тегеуріндерге лайықты әрекет жасай отырып сақтап қалатынын баса айтқан. Осы бағытта, егемен ел, әлем таныған дербес мемлекет ретінде, Қазақстан Республикасы өзінің жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау саласындағы басты ұстанымдарын заман талабына сай жаңа құқықтық сападағы заңнама негіздерінің жүйесін, мейлінше, жедел және заманның ағымына үйлесімді етіп дер кезінде қалыптастыру қажет деп ойлаймыз. Мұның себебі де жоқ емес. Жаһандық пандемия өзге қоғамдық қатынастар сияқты сот процесіндегі қатынастарды цифрландыруды жылдам өмірлік ұстанымның біріне айналдыруды талап етуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев өзінің сөзінде «Сот және құқық қорғау жүйесін реформалау мәселелері туралы айта отырып, Президент цифрландыру және судьялар мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қызметіне алдыңғы қатарлы IT-технологияларды енгізу бойынша жұмысты жалғастыруға шақырды. Тоқаевтың айтуынша, сот жүйесі мен ішкі істер органдарының кадрларының кәсібилігін арттыруға ерекше назар аудару қажет. Сонымен бірге, сөзде айтылғандай, реформаға қажетті барлық заңнамалық өзгерістер егжей-тегжейлі пысықталуы керек.» деп көрсетті.

Міне осы тұрғыдан алып қарағанда, әрине, туындаған еңбек дауларын ұтымды қарап, сот әділдігін шынайы өмірде жүзеге асыру, олардың әлемдік деңгейдегі ең озық үлгілерін заңнамамызға ендіру арқылы осы құрылымдардың қызметін реттеудің жаңа әдіс-тәсілдері мен прогрессивтік жолдарын ойластыру және оларды қолдану қажеттілігі осы ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбының өзектілігін айқындайтын басты мән-жайлардың бірі деп қарастыруға болады.

II. Жұмыстың теориялық және тәжірибелік құндылығы. Зерттеу жұмысының ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы төмендегідей көрініс табады:

- зерттеу барысында келген теориялық қорытындылары заманауи еңбек құқығының көптеген ережелерін толықтырып, ілгері дамытады;

- диссертант тұжырымдаған заңнамалық ұсыныстарды құқықшығармашылықта пайдаланып, еңбек заңнамасыне өзгерістер мен толықтырулар енгізуде, Жоғарғы Соттың Нормативтік қаулысын әзірлеуде пайдалануға болады;

- диссертация материалдарын оқу процесінде, ҚР еңбек құқығы пәнін, «ҚР еңбек даулары» арнайы курсты оқытуда қолдануға мүмкіндік береді.

III. Диссертацияның құрылымы мен көлемі.

Ғылыми жұмыс диссертациялық жұмыс жазудың барлық талаптарына сәйкес келеді. Диссертацияның құрылымы үш бөлімге бөлінген және сәйкесінше әрбір бөлім өзара байланысқан сол бөлімнің мәнін ашатын бөлімшелерден тұрады, сондай-ақ олардың тақырыптары өзара құрылымдық байланысқа ие.

Бірінші бөлім еңбек дауларының түсінігі мен жіктелуінің теориялық негіздері, олардың пайда болуының әлеуметтік-экономикалық және өзге де сепбетіре мен шарттары, сондай-ақ еңбек дауларын сотта қараудың заңнамалық дамуының мәселелері қарастырылған.

Екінші бөлімде еңбек дауларын сотта қараудың жалпы процессуалдық тәртібі мен жеке еңбек дауларын сотта қараудың түрлері және де ұжымдық еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктері зерделенген.

Үшінші бөлімде еңбек дауларын сотта қараудың шетелдік тәжірибесі мен еңбек даулары бойынша іс жүргізуде процесік нормаларды қолданудағы проблемалар қаралып, қолданыстағы заңнама мен еңбек дауларын қарауға байланысты сот және өзге де органдардың қызметін жетілдіруге байланысты ұсыныстар берілген.

IV. Диссертациялық жұмыстың жаңалығы.

Зерттеу жұмысы еңбек дауларын сотта қарау мен шешудің процессуалдық тәртібін құқықтық реттеу мәселелеріне арналған қазақ тіліндегі алғашқы кешенді ғылыми жұмыс болып табылады. Ғылыми жаңалығы еңбек дауларын сотта қарауды құқықтық реттеудің болмауынан туындаған заңнамадағы олқылықтардың орнын толтырып, проблемаларды шешуге жаңаша тұжырымдарды негіздеуінде көрініс табады. Мұндай ғылыми негізделген тұжырымдар өз кезегінде еңбек дауларын сотта қарау турасындағы теорияны ілгері дамытып, тәжірибе мен еңбек, азаматтық іс жүргізу заңнамасы арасындағы алшақтықты азайтады.

V. Ұсыныс.

Қорыта айтқанда, А.Ж. Исаеваның диссертациялық жұмысының теориялық-құқықтық және тәжірибелік маңызы алдағы уақытта еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық тәртібін заңнамалық жетілдіруге негіз бола алады және де берілген ұсыныстарды құқықшығармашылық, құқыққолдану процесстерінде пайдалануға жарайды дей отырып, жұмысты қорғауға жіберуді ұсынамын.

Пікір білдіруші:
Ғылыми кеңесші,
философия докторы (PhD)



Б.Ж. Айтимов

